

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024– 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: _____ Амангелді орта мектебі _

Топ/сынып

_____ Мектепалды даярлық сыныбы _____

Балалардың жасы _____ 5-6 жас _____

Жоспардың құрылу кезеңі _____ Ақпан айы 2024-2025 оқу жылы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан айы	Дене шынықтыру 3 сағат	Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.
	Сөйлеуді дамыту 2 сағат	тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады;бір-бірімен еркін диалог құрады;өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады;ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды;заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады;берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады;ересектермен қарым-қатынас жасауда өз ойын еркін жеткізеді.
	Көркем әдебиет 2 сағат	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу..
	Сауат ашу негіздері 3 сағат	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу
	Қазақ тілі 2 сағат	Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс

	қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу
Математика негіздері 3 сағат	<p>Геометриялық пішіндер.</p> <p>Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерді модельдеуге, заттарды тең және тең емес бөліктерге бөлуге, бүтін мен бөлікті салыстыруға, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинастыруға, ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыруға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат	<p>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p>
Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті 1 сағат	<p>Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру</p> <p>Қарындаштармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, көлбеу ұстау қажет, штрихтарды біркелкі жеңіл қимылмен бір бағытта әрі-бері сызу. Сызықты контурдың сыртына шығаруға болмайды.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу. Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.</p> <p>Балаларға қағазға заттарды орналастыру</p>
Құрастыру	
Сурет салу	
Мүсіндеу	
Жапсыру	

		<p>дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.</p>
	<p>Музыка 2 сағат</p>	<p>Ән айту.</p> <p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру..</p>

Ақпан айы
«Дене шынықтыру»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Өз бетімізбен жаттығамыз»	2	3-5.02
2	«Жан-жағыңа жылулық сыйла!»	1	7.02
3	«Стадион» (таза ауада)	1	17.02
4	«Бір, екі, үш, балалар алды күш!»	1	19.02
5	«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары» (таза ауада)	1	21.02
6	«Волейболшының жаттығуы»	1	24.02
7	Менің достарымның ойыны	1	26.02
8	Қазақ халқының ұлттық ойындары	1	28.02

«Сөйлеуді дамыту»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Қаңтар(Өлең)	2	4-6.02
2	Кеме (Өлең)	2	18-20.02
3	Кім ақылды?(Әңгіме)	1	25.02
4	Мамандықтың бәрі жақсы	1	27.02

«Көркем әдебиет»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Мысық, әтеш және түлкі (орыс халық ертегісі)	2	4-7.02
2	Үш қыз (татар халық ертегісі)	1	18.02
3	Түлкі мен қоян (ертегі)	1	21.02
4	Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі)	1	25.02
5	Көктем(Төлеген Айбергеновтың өлеңі)	2	28.02

«Сауат ашу негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ойнай отырып оқимыз	2	3-5.02
2	Дыбыстық талдау	2	6-17.02
3	Дыбыстық талдау	2	19-20.02
4	Біз нені үйрендік?	2	24-26.02
5	Біз нені білдік?	2	27.02

Қазақ тілі»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
3	Көктем	1	6.02
4	Көктемгі еңбек	1	7.02.02
5	Көктем келді, құс келді	2	20-21.02
6	Армысың, әз Наурыз!	2	27-28.02

**«Математика негіздері»
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Шартты өлшем.	2	3-4.02
2	Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар	3	6-17-18.02
3	Геометриялық фигуралар және денелер	2	20-24.02.
4	Геометриялық пішіндегі заттар	2	25-27.02

**«Қоршаған ортамен таныстыру»
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Аңдар қысқа қалай дайындалады?	1	3.02
2	Терезе алдында не өсіп тұр?	1	5.02
3	Тұқымнан не өсіп шығады?	1	17.02
4	Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?	1	19.02
5	Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?	2	24-26.02

**«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»
(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру)
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Сандық	1	4.02
2	Желкенді қайық	1	18.02
3	Алдаркөсенің шапаны	1	25.02

«Музыка»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Ақ әжем»	1	5.02
2	«Ана – өмір шырағы»	1	7.02
3	«Домбыра сазы»	1	19-21.02
4	Көктем әндері	2	26-28.02